

З. Шадкам , Н.А. Малиева *

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

* e-mail: nurgul_m87@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК АНТРОПОЛОГИЯ ТҰРҒЫСЫНАН ҚАЗАҚТАРДА КӘДЕСҒЫЙ ТҮРЛЕРІ

Аннотация: Сыйлық беру алушы мен берушінің арасында тауарлардың, қызметтердің және тәжірибелердің шын көңілмен ерікті түрде ұсынылуын білдіреді. Сыйлықтың алушы үшін де, беруші үшін де құндылығы мен әлеуметтік мәні сыйлық беру үрдісін зерттеудің маңызды саласына айналдырып отыр. Сыйлық алмасу дәстүрі адамзат тарихынан басталып, бірге жасасып, күні бүгінге дейін жалғасын табуда. Бұл үрдіс әлемде әр кезеңде әртүрлі жолдармен жүзеге асып отырды, заманына қарай әр қоғамда өзіндік рөл атқарды. Қазақ халқында салт-жоралғылар мен ырымдарды, әдет-ғұрыптарды ұстануда қуанышы мен қайғысына ортақтасқан адамдарға ілтипат көрсетілген. Осы игі қарым-қатынастың құрметіне, сыйластық қызметіне арнап алғыс білдіруді, ризашылығын көрсетуді кәдесый беру дәстүрі арқылы жүзеге асырған. Жұмысымызда қазақтың бұрыннан келе жатқан сый-сияпат, кәдесый атауларын, түрлерін, қолданылу аясын мысалдармен келтіре отырып айтуға тырысамыз. Мақаламыздың өзектілігі – әр кәдесыйды әлеуметтік антропология тұрғысынан қарастырып, мәні мен маңызын түсіндіру. Бұл жұмыста кәдесый түрлерінің әрқайсысына жеке тоқталып, қазақ мәдениетінде атқарған функциясын талдай отырып, айырмашылығын көрсетуді мақсат етеміз. Зерттеу барысында шетелдік және отандық авторлардың еңбектерін басшылыққа ала отырып, мәліметтерді жинақтау, жүйелеу, сараптау және тұжырымдау әдістері пайдаланылады.

Түйін сөздер: әлеуметтік антропология, кәдесый беру, салт-дәстүр, қазақ мәдениеті.

Z. Shadkam, N.A. Maliyeva*

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

* e-mail: nurgul_m87@mail.ru

Kinds of gift-giving rituals among Kazakhs from the point of view of social anthropology

Abstract: Giving refers to the bona fide voluntary offering of goods, services, and experiences between the recipient and the giver. The value and social meaning of a gift to both the recipient and the giver make the gift-giving process an important area of research. The tradition of gift exchange originated in human history and continues to this day. This process has been carried out in different ways in different periods in the world and has played a different role in each society. Kazakh people pay attention to people who share their joy and sorrow in observance of rituals, superstitions and customs. In honor of these good relations, the tradition of giving gifts has been used to express gratitude and express appreciation for respectful service. In our work we try to give examples of names, types, sphere of application of traditional Kazakh gifts and souvenirs. The relevance of our paper is to examine each gift from the point of view of social anthropology and explain its meaning and significance. In this work we will focus on each of the types of gift giving separately, analyze their function in Kazakh culture, show their difference. The research uses methods of data collection, systematization, analysis and formulation, guided by the works of foreign and domestic authors.

Key words: social anthropology, gift-giving, traditions, kazakh culture.

З. Шадкам, Н.А. Малиева*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

e-mail: nurgul_m87@mail.ru

Виды обрядов дарения у казахов с точки зрения социальной антропологии

Под дарением подразумевается добросовестное добровольное предложение товаров, услуг и впечатлений между получателем и дарителем. Ценность и социальный смысл подарка как для получателя, так и для дарителя делают процесс дарения важной областью исследований. Традиция обмена подарками зародилась в истории человечества и продолжается по сей день.

Этот процесс осуществлялся по-разному в разные периоды в мире и играл свою роль в каждом обществе. Казахский народ уделяет внимание людям, которые разделяют свою радость и горе в соблюдении обрядов, суеверий и обычаев. В честь этих добрых отношений была использована традиция дарить подарки, выражая признательность и выражая признательность за почтительное обслуживание. В нашей работе мы стараемся привести примеры названий, видов, сферы применения традиционных казахских подарков. Актуальность нашей статьи состоит в том, чтобы рассмотреть каждый вид обряд дарения с точки зрения социальной антропологии и объяснить его смысл и значение. В данной работе мы рассматриваем каждый вид дарения в отдельности, анализируем их функцию в казахской культуре, покажем их отличие. В ходе исследования используются методы сбора, систематизации, анализа и формулирования данных, руководствуясь работами зарубежных и отечественных авторов.

Ключевые слова: социальная антропология, обряд дарения, традиции, казахская культура.

Кіріспе

Сыйлық беру дәстүрі қазіргі уақытта антропология, әлеуметтану, экономика, маркетинг салалары мамандарының қызығушылығын тудырып, зерттеу нысаны болып табылып отыр. Осы саладағы жұмыстың кең өріс алуына бір себеп – сыйлық алмасудың алғашқы қоғамдардан басталып бүгінгі күнге дейін жеткен әмбебап әлеуметтік құбылыс болуы. Сыйлық алмасу дәстүрін алғаш зерттеушілердің бірі антрополог Марсель Маус қарабайыр және архаикалық қоғамдарда сыйлықтың қоғам үшін өте маңызды элемент болғанын атап өтеді. Маус Жаңа Зеландиялық маори тайпасындағы сыйлық алмасу дәстүрін зерттей келе, олар сыйланған сыйлықта «хау» деп аталатын мистикалық күш болатынына және ол күш сыйлық берушіге қайтып келетініне сенгендерін «Сыйлық туралы очерк» кітабында келтіреді. Архаикалық қоғамдардағы жергілікті тұрғындар сыйлық беру, сыйлық алмасу арқылы бір-біріне көңілін, айрықша сезімдерін білдірген деген көзқарасты қалыптастырады. (Марсель Маус, 1966:9). Маустың көзқарасы бойынша сыйлық алмасу дәстүрі бірінші кезекте адами тұрғыдан жүзеге асады. Монреал Университетінің Социология бөлімінің профессоры Марсель Фурньенің айтуы бойынша Маустың жұмысы әлі де сыйлық беру дәстүрін әлеуметтік жағынан зерттеуде негіз ретінде қолданылады және де оның көзқарасы кеңінен тараған.

Канадалық жазушы Жак Т. Годбоут та «Сыйлықтар әлемі» кітабында біздің күнделікті өміріміздің және ерекше жағдайларымыздың маңызды бөлігі болып табылатын сыйлықтардың шын мәнінде берілген адам мен сыйлық берушінің арасында өзара қарым-қатынас міндеттемесінің нәтижесінде күшті әлеуметтік байланыс тудыратынын түсіндіреді.

Тақырыпты тандауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Сыйлық беру дәстүрінің кез-келген халық үшін орны ерекше. Бұл дәстүрден қазақ халқы да тыс қалмаған. Қазақ қоғамының әр сатысында, әртүрлі жағдайда сыйлық сыйлап, құрмет көрсету дәстүрі көрінеді. Қазақтарда кәдесый, сыйлық беру әлеуметтік қарым-қатынасты реттеуде, нығайтуда үлкен рөл атқарады. Өкінішке орай, қазіргі жаһандану таңында қазақтың кейбір сый-сияпат түрлері және функциясы біріктіріліп және қолданылу аясы тарылып, тіпті ұмытылып бара жатыр. Мысалы, арамызда көрімдік пен байғазының, шашу мен көрімдіктің айырмашылығын білмей, бір кәдесый ретінде қабылдайтындар көптеп кездеседі. Мақаламыздың мақсаты – осы жаһандану, жалпылау үрдісіне қарсы қазақ ұлтындағы кәдесый рәсімдеріне жеке тоқталып, қолданылу орнына, шығу мақсатына қарай айырмашылығын көрсету. Сонымен қатар, әр кәдесыйды әлеуметтік антропология тұрғысынан қарастырып, мәні мен маңызын түсініп, ұлттық код – ерекшелік ретінде қайта жаңғырту болып табылады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеу әдіснамасын анықтауда бірнеше отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері қарастырылды. Сыйлық беру дәстүрін алғаш болып зерттеген антрополог М. Маустың «Сыйлық туралы очеркі» еңбегінің бұл тақырыпты зерттеуде алатын орны ерекше. Сонымен қатар, Б. Шварц, Ф. Канбир, Н. Коксалан, М. Ерсан секілді зерттеушілердің де жұмыстары қарастырылды. Қазақтардағы кәдесый рәсімдерін ашып жеткізу үшін Н.Әлімбайдың «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі 1-5 том» энциклопедиясы басшы-

лыққа алынды. Т. Ғабитовтың «Қазақтың этикасы мен эстетикасы» және қазақ энциклопедиясы, М. Қашғаридың «Түрік сөздігіне» назарға алынды. Айтылған еңбектердегі мәліметтер жинақтау, жүйелеу, сараптау және тұжырымдау әдістері арқылы қолданылды.

Талқылау және дәйектеу

Сыйлық беру тәртібі, экономикалық өзгерістер, әлеуметтік өзгерістер, коммуникация және әлеуметтену функцияларын қамтиды. Экономикалық тұрғыдан сыйлық алмасу пайданы арттыруға бағытталған болса, әлеуметтік тұрғыдан тараптардың қарым-қатынасын жақсартуға көмектеседі. Осы тұрғыдан алғанда, сыйлық алмасу тәртібі тауарлар, қызметтер және тәжірибелер ғана емес, одан да мағыналы қызмет атқарады. Сыйлықтар қарым-қатынаста бейвербалды сезімдерді білдіру қызметін атқарса, сондай-ақ вербалды қарым-қатынасқа мүмкіндік беру арқылы тараптар арасындағы эмоциялардың ауысуын тудырады. Тараптар өз сезімдерін білдіре отырып, сыйлық арқылы бір-біріне ниеттерін жеткізеді. Сондай-ақ әлеуметтену тұрғысынан сыйлықтар қоғамдық қатынастарды орнатуда, бұзуда және тоқтатуда қолданылады. Бұл екі тарап үшін қарым-қатынастарын қайта бағалап, шешім қабылдауларына әсер етеді (N. Koksalan 2019:2). Мысалы, қазақ халқында жаңадан құдаласқанда екі елдің арасын жақындату үшін киіт алмасады, ана сүті, өлі-тірі, ілу секілді кәдесыйлар жіберіледі. Бұрынғы замандарда қан дауын, жер дауын шешу үшін де қыз алысып қыз берісіп, сыйлықтар арқылы мәмілеге келіп отырған.

Американдық психолог Барри Шварц 1967 ж. жарық көрген «Сыйлықтың әлеуметтік психологиясы» эссесінде сыйлық берудің өзара әрекеті «тарату әділдігімен» анықталатынын айтады. Ол «егер өзара қарым-қатынас болмаса, жауапсыз қалса берушіге ыңғайсыз болады» деп түсіндіреді, бірақ егер сіз біреуге қымбат сыйлық берсеңіз және алушы сізге сол сыйлықтың құнын қайтарғысы келсе де ыңғайсыз болады деп айтады. Сондықтан әрбір сыйлық қарым-қатынас қарыз балансына әсер етеді. Бірақ қарыз балансы ешқашан теңестірілмеу керек, себебі тең дәрежедегі қарыз балансы тек экономикалық қарым-қатынастарға тән, ал адамдар арасындағы қарым-қатынаста біреуіндегі басымдылық оларды әрдайым байланыстыра отырып, бір-біріне деген сыйластықтың сақталуын қамтамасыз

етеді дейді (B. Schwartz 1967:8). Бұл екі батыс зерттеушілерінің жұмыстарынан көріп отырғанымыздай, сыйлық алмасу бірінші кезекте адами тұрғыдан жүзеге асады, және өзара қарым-қатынастың нығаюына әкеледі.

Дәстүрлі қоғамда сыйлық қауымдастықтың құндылықтарын сақтаушы және жаңартушы рөл атқарады. Дәстүрлі қоғамдарда сыйлық символдық болып табылады және оның өзіндік мағыналары бар (F. Kanbir 2022:64). Сыйлық алмасу нақты әлеуметтік қатынастардың сабақтастығы, өміршеңдігі және қоғамдар арасындағы татулық жағдайы үшін қажет. Сонымен бірге сыйлық арқылы орнатылған қарым-қатынастың артуы адам мен қоғамға материалдық және моральдық күш береді.

Тарихқа көз жүгіртсек, сый-сияпаттың тек адами қарым-қатынасты жақсартып қана қоймай, мемлекеттер арасын жақсартуда да үлкен рөл атқарғанын көре аламыз. Бұл айтылған ойға негіздеме ретінде қазақ ұлтының қандасы – түрік бауырларымыздың тарихына шолу жасауды жөн көрдік.

Ортағасырлық түрік мемлекеттерінде сыйлық туыстардың, достардың, қарамағындағылар мен билеушілер арасында сүйіспеншілік, құрмет, жеңісті тойлау, бейбітшілік, көмек беру, үстемдікті көрсету сияқты мақсатпен берілетін заттар және тірі жандар ретінде қарастырылды. Бұл заттар мен тірі жандардың түрлері мен мөлшері олар берілген кездегі қоғамның құндылық пайымдауларына байланысты өзгеріп отырды. Түрік Селжүк сұлтандарының сырттағы көрші билеушілерге, іштегі мемлекет қайраткерлеріне, ғалымдарға, ақындарға, жұлдызшыларға және осы тектес адамдарға түрлі сый-сияпат жасап, олардан сый-сияпат алғанын көруге болады (M. Ersan 2000:95-96).

Осман империясында сыйлық ұғымы дипломатиялық тұрғыдан салтанатты мағынаға ие болып, этикетке айналды. Мемлекетаралық қатынастарда қабылданған дипломатиялық түсіністікпен қатар, елшілік қабылдаулары арқылы өзінің әскери және саяси күшін символдық түрде көрсетуді Осман империясы сыйлықтар арқылы жүзеге асырған. Сол себепті жіберілетін сыйлықтардың сапасы мен құнына үлкен мән берілді, өйткені олар елдің сән-салтанаты мен мықтылығын көрсететін. Сондықтан да елшілер қандай себеппен барса да баратын елдерінің билеушілеріне әртүрлі сыйлықтар апаруды әдетке айналдырған. Осман империясы дипломатиялық қарым-қатынас құратын елдерге мемлекетінің

күш-қуатын, жомарттығын және абыройын көрсету мақсатында берілетін сыйлықтар үшін шығынды аямаған. Сыйлықтар Ендерун-и Хумаюн деп аталатын ішкі қазынадан алынатын. Бұл ішкі қазынаға бас қазынашы жауапты болған және бұл қазына ішінде алтын, күміс ақшалардан бөлек бағалы әшекейлер өте құнды тоқыма бұйымдары, кілемдер және әртүрлі құнды заттар сақталған. Сыйлықтар сендіру құралы ретінде де ерекше рөл атқарды. Осылайша XVII ғасырда Швеция елшісі Раламбаның сыйлықсыз келуі жіберу миссиясының сәтсіз аяқталуына себеп болды. Осман империясы үшін елшінің сыйлық әкелмеуі мемлекетке құрмет көрсетпеумен, сыпайылық танытпаумен тең болды және елшіге көңіл бөлінбеді (U. Kurtaran 2020:1189).

Шыңғыс ханның Керейлердің ханы Оң ханға (Тұғырыл) әйелі Бөртенің кеңесімен киігіне келген қара бұлғын ішігін тарту еткені, бұл сыйлықтың қарымтасына Оң хан елін біріктіруге көмектескені туралы да деректер бар.

Бұл туралы «Құпия шежіренің» баяндауында, Шыңғыс есейе келе Бөртені алуға барғанда Дей-шешен батасын беріп, қызын қосады. Дей-шешеннің бәйбішесі, Бөртенің анасы Сотан бәйбіше жас жұбайлармен бірге Шыңғыстың еліне келеді. Енесі еліне қайтқан соң Шыңғыс Бөртенің ақыл қосуымен, қасына жанашыр туыс-достарын ертіп, Сотан әжей китке әкелген қара бұлғын ішікті алып, әкесі Есукейдің досы болған керейдің Оң (Тұғырыл) ханына келеді. «Сізді әкемдей көріп, енем әкелген бұлғын ішікті Сізге әкеліп отырмын» деп, тарту етеді. Оң хан болса бар ықыласымен:

Қара бұлғын ішігін
Қар боп текке кетпесін,
Тозғындаған еліңді
Топтастырып берейін,
Бытыраған еліңді
Біріктіріп берейін,
Ай дейтін болсын ажасы,
Қой дейтін болсын қожасы, –

деп риза болады (Ж. Аймұхамбет 2021).

Махмұд Қашқаридың әйгілі «Диуани лұғат ат-Түрк» еңбегінде:

Қошпы, қонум оғишқа,
Қылғыл аңағ ағыллық
Artut алып ануғыл
Езгү tavar оғурлуқ:

Қошны қонум оғұшқа,
Қылғыл аңар ағырлық.
Артұт алып ануғыл
Езгү тавар оғурлық –
-Туыс, қоңсы-қолаңды,
Құрметте де қадірле,
Сыйын алып, одан да
Жақсы тауар қарым бер.

Көрші-қолаң, туғандарға жақсылық істе, оларды құрметте, олардан сый-сияпат алсаң, сайланып қарымын одан да жақсы әзірлеп, қайтар, – дейді (А. Егеубай 2007:143).

Бұл өлең жолдарынан да байқап отырғанымыздай, Батыста болсын, Шығыста болсын сыйлық алмасу дәстүрі – ең алдымен адамдар арасындағы байланысты нығайтушы, қарым-қатынасты реттеуші, адамдардың жүрегіне бір-біріне деген мейірім мен ізгіліктің сәулесін салушы факторлардың бірегейі.

Сыйлық алмасу дәстүрі адами құндылықтар мен қарым-қатынастарды реттеумен қатар экономикалық қарым-қатынастарды реттеуші құрал ретінде сонау ерте заманнан қолданылып келе жатқанын айта кеткен жөн болар. Оның дәлелі ретінде Орхон-Енисей ескерткіштерінен табылған жазбаларды келтіруге болады. Көне жазбаларда жазылған жолдарда сыйлық беру дәстүрі көне түркілер мен қытайлар арасында жүзеге асқаны, қытайлардың түркілерге алтын, күміс, жұмсақ жібек маталарын сыйлыққа бергені айтылады.

Мәселен, Күлтегін ескерткішінде төмендегідей жыр жолдары бар:

Үрақ ärsär jablaq ауу bigür
јаууқ ärsär ädgü ауу bigür tır.

(Жырақ болса жаман сыйлық берер,
Жақын болса, жақсы сыйлық берер) (Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер 2013:139).

Әртүрлі мемлекеттер арасында сыйлық алмасу үрдісі әлемнің барлық елдері арасында жалғасын тапқанын тарих парақтарынан білеміз.

Мұхаммед Қайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегінде де елдер, хандар арасындағы сыйлық алмасулар туралы көптеген мәліметтер келтіріледі. «Зафар-Намадан» үзіндіде әзірет Саһибқыранның әмір Үсейінге той жасап, тойшы қауымның бәріне лайықты сый жасалып, әмір Үсейінге молынан лайықты сыйлықтар тарту еткені туралы айтылады. Осы жөнінде еңбекте бәйіт жолдары келтіріледі:

Лайық болған әр жанға әр нәрседен берілді,

Тұлпар, семсер, дулыға, қос белдіктің бәрі де
(М. Дулати 2015:40-41).

Қазақ халқында сыйлық сыйлауға өте қатты мән беріледі. Сыйлық беру туған-туысқанның арасын жақындатып, сыйластығын арттырады. «Сыйға – сый» деген ұстаным – ұлтымыздың салт-дәстүрінің өзегі. «Бай мен бай құда болса – арасында жорға жүреді, шаруа мен шаруа құда болса – арасында дорба жүреді», – деген сөз де тарту-таралғының маңызын айшықтап берсе керек. Қазақ халқының өзіне тән сый алмасу дәстүрлері өте көп, және біз оны бір ауыз сөзбен кәдесый рәсімдері деп атаймыз. Бүгінгі мақаламызда халқымыздың бірнеше кәдесый рәсімдеріне тоқталып, оларды әлеуметтік антропология жағынан қарастыруды жөн көрдік.

Қазақ халқында кәде – әдет-ғұрып, жосын-жоралғылардың дәстүрлі жолмен атқарылуын білдіреді. Осы салттар барысында жасалатын сый-сияпат, алыс-беріс, ақы түрлерінің барлығын кәдесый деп атаймыз. Кәдені күнделікті және әлеуметтік қарым-қатынастар кезінде жасалатын әдеттік нормалар деп те айтуға болады. «Қалыңсыз қыз болса да кәдесіз қыз болмайды» деген мақал кәденің міндетті түрде орындалуы керек үрдіс екендігін айғақтайды. Кәде жасамау – дәстүрді сыйламау, яғни әдет заңын бұзу деген сөз. Кәденің түрлері өте көп және оның ережесі, әрқайсысының өз жасау тәртібі бар. Кәдесый түрлері:

- той кәделері – тойбастар, айттық сұрау, көрімдік, тәбәрік, жыртис, сарқыт
- құдалық кәделері – қарғыбау, шеге шапан, қалың мал, өлі-тірі, бата аяқ, той малы, ат байлар, тойбастар, күйрық-бауыр, сандық ашар, шәй құяр, құда тартар, табаққа салар, құда аттандырар. Күйеу кәделері – есік көру, ентікпе, босаға аттар, шымылдық байлар, балдыз көрімдік, күйеу аттандырар
- балаға арналған кәделер – ат қою, бесікке салу, тұсаукесер, қырқынан шығару
- қаза кәделері – садақа, жыртис, қабыршы кәдесі, киім беру (Ә. Нысанбаев 2002:448).

Бұл айтылған кәдесый түрлерінен басқа, қарсылығы күтілмейтін, шын ниетпен жасалатын сүйінші, көрімдік, шашу, байғазы секілді түрлерін де айта кеткен жөн.

Бабаларымыз бағзы заманнан өмірлік тәжірибесінің, дала философиясы мен дүниетанымының негізінде қандай жағдай болса да жақсылық күтіп, әрнәрсені ырымдап жүрген. Осындай ниетпен көңілге қонымды салт-дәстүрлер дүниеге келген. Ол әдет-ғұрыптарымыз атадан-балаға жалғасып, сақталып келеді. Қазақ

халқы әртүрлі оқиғаларды себепші етіп, сыйлық бергенді, бір-бірін қуантуды мақсат еткен. Осылайша құда-жекжат, нағашы-жиен, тума-туыс, дос-жаран, көрші-қолаң, тіпті бір отбасының ішінде де сыйлық беріп қуанту әдетке айналған. «Орамал тон болмаса да, жол болар» деп келген қонаққа орамал, тәтті-тәпсек ұстату, жас тұрмыс құрмаған қыздарға айна, сабын, иіс-су беру арадағы қарым-қатынасты, жылулықты сақтап қалудың жолы іспеттес. Бұрынғы заманда алғаш рет келген құрметті қонаққа, батырға, ақынға, ел ағаларына, құда-құдағиға, құдайы қонаққа атшапан, кісе белбеу, ер-тұрман, қару-жарақ, қалы кілем, құндыз бөрік, домбыра, күміс қамшы берген болса, қазіргі кезде де жағалы киім немесе заманауи сыйлықтар беру жалғасын табуда.

Нағашы мен жиен арасында ерекше туыстық байланыс бар. Жиені нағашысынан үш рет көңілі қалаған нәрсесін сыйлыққа сұрай алады. Ол жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы немесе берен мылтығы да болуы мүмкін. Бұл дәстүр қазақ халқында «Қырық серкеш» деген атпен белгілі. Егер нағашысы қалауымен бермесе, жиені жиендік жасап, рұқсатсыз да ала беруге құқылы (Н. Әлімбаев 2017б: 543-544).

Бұл айтылған кәделердің барлығы ең алдымен жеке адамдар арасындағы, әсіресе туыстар арасындағы байланысты нығайту үшін өте маңызды. Ағайын-туыс, құда-жекжат арасындағы қарым-қатынасты нығайту, жаңғырту мақсатындағы кәдесыйлармен қатар, дос-жарандар, әріптестер, құрбылар, көршілер арасында да маңызы бар «Сүйінші», «көрімдік», «байғазы», «бұйымтай», «шашу» сияқты кәдесый формалары кеңінен кездеседі:

Сүйінші беру

Қазақ халқының тағы бір дәстүрі – сүйінші сұрау. Бұл дәстүр де тек қуанышты жағдайда орындалады. Сүйінші дегеніміз – қуанышты хабар әкелген адамға берілетін сыйлық болып табылады. Халқымыз әрбір үлкенді-кішілі жақсы хабарды аса бір ықыласпен тосып, оны жұртшылықпен бөлісуге асығатын. Оларға мысал ретінде дүниеге сәби келуі, баланың мектепке баруы, қызметте өсу, сондай-ақ жоғары атаққа, марапаттарға ие болуы, алыстағы көптен сағынған адамның келуі, келін түсуі және жоғалған қымбат дүниелердің табылуы сынды көптеген қуаныштарды сүйінші дәмететін жаңалықтарға жатқызуға болады. Ғұрып бойынша, алыстан жақын туысы келе жатқанын немесе жоғалған зат табылғандығы сияқты көңіл

көншітерлік хабарды алдын ала естірте келген адам «сүйінші, сүйінші» деп үйге кіреді. Ал, мұндай сөзді естіген үй иесі «қалағаныңды ал» дейді. Сүйінші сұрағанның да, бергеннің де еш сөкеттігі жоқ. Сондықтан, хабар әкелуші адам қалағанын сұрай алады, немесе, үй иесі оған риза болатындай сыйлық ұсынады (Р. Әбдіқалық 2019).

Енді «сүйінші» сөзінің тілдік мағынасына келетін болсақ, бұл сөздің түбірі «сую» сөзінен бастау алады. Одан кейін әртүрлі қосымшалардың әсерінен «сүйіну» мағынасындағы ұғымға ауысады. «Сүйінші!» сөзі екі түрлі мағыналық аяда өрбуі мүмкін. Бірі «жақсы жаңалыққа сүйінші» деп, бұйрық рай формасында болса, енді бірі «сүйініш», яғни жақсы жаңалық, қуанышты хабар деген мағынада болуы мүмкін (18).

«Салт-дәстүр сөйлейді» кітабында сүйінші туралы мынадай аңыз-деректер келтірілген: Ыбырайым пайғамбар көпке дейін бала сүймейді. Бір күні Бибіажар анамыз ұл босаныпты. Пайғамбардың қуанышы қойнына сыймай, жұрттан сүйінші сұрапты. Ұлық Алла да оның қуанышын бөлісіп:

– Мендей мәрт Құдайға жомарттық қана жарасады. Сүйіншіңе атағаным болсын. Ақырдың соңында шығатын досым Мұхамбеттің нұры осы ұлыңның белінен тарайды, – депті. Осыдан бастап ел ішінде біреудің шаңырағында қуаныш болса, ол жұртпен бөлісіп, сүйінші сұрайды. Ел-жұрт та оның қуанышымен бөлісіп, байғазы береді екен. Бұл үрдіс барлық пайғамбардың тұсында жалғасып отырған (Р. Әбдіқалық 2019).

Сүйінші сұрау қазіргі таңда әлі де маңызын жойған жоқ. Дүниеге сәби келгенде туыстарына хабарлау, жаңа жазылған кітап немесе мақала жарық көргенде жақындарымен бөлісу, оқуға түсу, мемлекеттік жобаларда грант ұтып алу сияқты заманауи үрдістерде де бұл дәстүр жалғасын табуда. Жақсы хабардың жаршысы атанып, жағымды жаңалықтарды жеткізуді қазақ халқы әрдайым қуанышпен қарсылаған.

Көрімдік беру

Жаңа туған балаға, жас келінге, ботаға тағы басқа алғаш көрген сәтте көрімдік сұрау – халықтың ежелгі және лайықты дәстүрі. Мұның маңызы алып, беруде ғана емес жақын-жуықтың адамгершілігін, ниетін, ашыққолдығын да танытудың белгісі ретінде қаралады. Көрімдік алатын адам келін түсіргенінде «құтты болсын» айта келгендерден сәбиді, келінді көрсетпей тұрып «көрімдігін бермесендер көрсетпейміз»

деп кәдесін сұрайды. Қыз ұзатыларда ұл жағынан келген құдаларға болашақ келіндерінің жасауын көрсетіп те көрімдік сұрайтын әдет-ғұрып бар. Бұл дәстүр адам жанын қуанышқа бөлейтін дүниеге айтарлықтай мән беріп, ынтызар ететіндіктен әлі күнге дейін ел арасында қолданыста жүр.

Қазақ жас келінге, жаңа туған балаға, тағы басқа ерекшеліктерге алғаш көрген сәтте көрімдік сұрайды. Бұл – дүниеқұмарлық емес, сол жаңа нәрселердің елге таныла беруі үшін айтылған тілек. Көрімдік байғазы да емес. Көрімдік жас адамға, жақсы атқа, құсқа сұралады. Байғазы бала немесе жастар жаңа киім кигенде көңілін аулап беріледі (Т. Ғабитов 2007:67).

Көрімдік беру дәстүрі қазіргі қоғамымызда жаңа туған сәбиді, жаңа түскен келінді алғаш көрген кезде, студент оқуын аяқтап дипломын көрсеткен кезде немесе жаңа көлік алған кезде де туыстар арасында бұл дәстүр жалғасын табуда.

Байғазы

Байғазы – жаңа киім киген, жаңа ер-тұрман мінген және жаңа зат алғандарға берілетін жоралғы, сыйлық. Қазақ салтында, жаңа киген киім, жаңа мінген ер-тұрманын, кей жерде жаңа мінген аты мен бағалы мүліктерін жанашыр, жақын адамдарына көрсетіп, «байғазы беріңіз!» деп сұрайды. Міне бұл «байғазы сұрау» деп аталады. Еер, байғазыны киімге сұраса, «жасың ұзақ, киімің тозғақ болсын!» деп игі тілек білдіріп, байғазыға бір зат немесе қозылақ береді. Ал ер-тұрманын көрсетіп сұраса, «мінісің көп болсын, дұшпаның жоқ болсын!» деп, оған да өз лайығына қарай байғазысын береді. Ал үлкендер байғазы сұраса, тіпті көңіл бөліп, меселін қайтармайды (17).

Қазақта жаңа киген киімге байғазы береді, түйме тағады. Онысы – түйме артынан түйе келеді деген ырымы (Т. Ғабитов 2007:57). Байғазы қазір ұмытылып бара жатқан кәдесый түрі, көпшілік оны көрімдікпен шатастырып жатады, екеуін бір санайды. Байғазының жансыз заттарға, көрімдікті тірі жан иесіне берілетінінің ара-жігін айыра алмайды.

Бұйымтай

Қазақ халқына тән жоралғылардың бірі – бұйымтай. Қауымның жекеленген мүшелерінің ара қатынасында орын алған этикет, біреуге қолқа салатын шаруа, алғысы келген бұйым немесе өтініш. Дәстүрлі түрдегі бұйымтай айту негізінен төмендегідей сипатта болады:

сыйлас кісілер арнайы келіп, сәлемдесіп екі-үш күн қонақ болғаннан кейін, қайтуға қамданған кезде үй иесі қонаққа алғыс айтып, қонақтың бұйымтайын сұрайды. Бұл қонақтың қалағаны немесе нендей шаруасы бар екенін білу деген сөз. Қонақ мұндайда келген шаруасын, яғни бұйымтайын айтады. Қонақ сөзін жерге тастамау, өтінішін орындау – қазақ үшін бұлжымас қағида (Н. Әлімбаев 2017а: 729).

Сонымен қатар дәстүрлі ортада қонақ болып бірнеше күн жатпайтын алыстан арнайы ат басын тіреген адамға қалыптасқан үрдіс бойынша үй иесі дастарқан жайып күтіп, шаруасын сұрап біліп, көңілін қалдырмаған. Ондай арнайы келген адамның айтар бұйымтайы көбінесе жүйрік-жорғаға, алғыр тазыға, қыран бүркітке қатысты болады. Ұзатылған қыздың үш жылдан кейін төркініне келіп жұртынан қалағанын сұрауы – қолқа салудың, бұйымтай айтудың дәстүрлі қалыптасқан түрі. Қайын жұртына күлкі болмасын, «басынбасын» деп бұйымтайын, қалауын беріп аттандырған. Бұйымтай – тек қазақ халқына ғана тән, ертеден келе жатқан дәстүрлердің бірі. Осыған орай тарихтан мына деректі айта кетейік.

Төле бидің өзіне аумап тартқан бір ұлы кайтыс болады. Сонау Арқадан өзінің досы Қаздауысты Қазыбек көңіл айтуға Түркістанға келеді. Екі күннен кейін аттанарда Төле би: – Ау, қадірлесім Қазыбек, бұйымтайың болса айт, – депті. Қазыбек: – Жүз көрген дидар ғанибет, ағаға сәлем бермек бізге міндет, – дей келдім, ешбір қалау жоқ, – депті. Төле би:

іздеп келер інің бар болса. Бақытың барын содан біл. Аңсап келер ағаң бар болса, Аруағың барын содан біл. Аларды біліп, бермегеннен без, Ел-жұрты қашып, ермегеннен без. Үйіне қонақ қонбағаннан без, Көптің айтқанына болмағаннан без,-деп арғы атасы Жаныстан қалған наркескен қылышты Қазыбектің алдына қойып, бұлғын ішік жауыпты. Жолдастарына асыл шапандар кигізіпті (А. Қасымбек 2016:76-77).

Жалпы қазақ халқы қонағына «Не мақсатпен келдің?» деп сұрақты төтесінен қоймаған, әдеппен сөз саптаған. Келген қонаққа «бұйымтайыңызды айта отырыңыз» деп ілтипат көрсеткен. Қонақ келген мақсатына қарай: «Бұйымтайым жоқ, амандықты білуге» деп немесе тілек-қалауын жеткізген. Қазіргі тілмен айтқанда бұйымтай қонақжайлылықты көрсететін кодтық сөз ретінде қолданылған. Бұйымтай сұрау бұрын әрі вербалды әрі бейвербалды мақсатта қолданылған болса, қазіргі уақытта тілдік бейнеге ауысып, бейвербалдыға көшкен.

Шашу

Этнограф ғалымдар «Шашу» қуаныштың айғағы ретінде жасалатын өте сұлу да салтанатты дәстүр деп сипаттайды. Бұл көрегенді тұжырыммен келіспеске амал жоқ. Өйткені, қайсы бір қазақ шаңырағында дүниеге сәби келсе, оны сүндетке отырғызып тұсауын кессе де, үйге келін түсіріп, отау көтерер болса да, жалпы, кез келген қуанышты жағдайларда ақ жаулықты аналарымыз шашуды ұмыт қалдырған емес. Қолын ақ дорбаға малып, ақтан жасалған құрт, ірімшік, өрік, миіз сияқты тағамдарды қуанышқа кенеліп жатқан шаңыраққа ізгі тілектерін айта отырып шашу ұлы даланың жазылмаған заңдары іспеттес. Себебі, шашу – қазақ нанымында біріншіден, қуанышқа ортақтасқан ағайын-туыстың арасын одан әрі жақындата түссе, екіншіден, оның астарында жақсылыққа жиналған қауымға жұғысты болсын деген мән-мағына жатыр (Р. Әбдіқалық 2019). Шашу бұрын түрік халқының да салт-дәстүрінде қолданыста болған. Ескі Анадолыда үйлену тойында ерлі-зайыптыларға түрлі сыйлықтар берілетін. Қаржылық жағдайы нашар отбасылар қалыңдық пен күйеу жігітке той шашуы ретінде бірнеше қап тары беретін, кей жерлерде берекет әкелсін деген наныммен келіннің басына тары себелейтін. Бүгінгі таңда бұл дәстүр іс жүзінде қолданыстан шығып, сөз жүзінде фразеологизмге айналған. Жақсы бір оқиғаларда түріктер «Dağısı başınıza» деп жатады, яғни сізге де жұғысты болсын деген мағынада айтылады.

Қазіргі таңда шашу – жаңадан келін түсіру кезінде, құдаларды қарсы алуда қонақтарға, ал жаңа баспана алған кезде керісінше келген қонақтар үй ішіне тәттілер мен ақша шашу дәстүрі ретінде жүзеге асады, шашылған тәттілерді балалар мен үлкендер қуана-қуана жинайды. Себебі халқымыз ежелден шашу кезінде терілген тәттілер отбасына ырыс пен береке әкеледі деп есептейді.

Қорытынды

Дәстүрлі қоғамдарда сыйлық көмек, қайырымдылық, жомарттық, әлеуметтенудің символы және әлеуметтік қатынастардың негізі болып табылады. Сыйлық алмасу, кәдесый беру – адамзат тарихымен біте қайнасып, жеке адамдардың қарым-қатынасын, әртүрлі елдердің дипломатиялық қатынастарын жақсартуда маңызды рөл атқарып келе жатқан дәстүрлердің бірі және бірегейі. Әрдайым жақсы қарым-

қатынасқа ұмтылған қазақ халқы әртүрлі оқиғаларды себеп ете отырып кәдесый беруді дәстүрге айналдырған. Шын мәнінде халқымыз бітімгер, бейбітшіл, сүйіспеншілігі мол, алысты жақын еткен бауырмалдылығы мен кең пейілін, айналасымен гармонияда өмір сүретін, сый-құрметін аямайтын халық бола тұра, соңғы жүз жылда осы қасиеттеріміз орыстың отаршылдық саясаты негізінде санамызға «қазақ халқы қойдай жуас, момын, айдағанға көнеді» деген ұғым түрінде сіңіріліп, жақсы тұстарымыз керісінше көрсетілгені өкінішті.

«Қуанышты бөлсең көбейеді, қайғыны бөлсең азаяды» деген ұстаныммен қуанышта да қайғы да қазақ халқы туысына, дос-жаранына кәдесыйсыз бармаған. Бесіктегі баладан еңкейген қарияға дейін әрқайсысына лайықты сый жасалған. Қазақ халқында сүйінші, көрімдік, сияқты кәдесыйларды тек туыстары ғана емес, көрші –қолаң, дос-таныстардың да беріп жатуынан бұл дәстүрдің бірінші кезекте адами құндылыққа негізделген мәдени мұра екендігіне көз жеткізе аламыз. Шашу теріп – береке жұғысты болсын, тойдан тойбастар алып-жалғасын тапсын деп ырымдаған халқымыз әрдайым жақсылыққа сенген. Бұл дәстүрлеріміз – халқымыздың бірегей мәдени мұрасы. Және қазіргі жаһандану үрдісінде ұлттық құндылықтар ұмтылып, барлық әлем батыстанып жатқанда осындай мәдени мұраларымызды жоғалтпай, бірегейлігімізді сақтап қалу үшін, дәстүрлерімізді жандандыру, жалғастыру – біздің басты міндетіміз. Қазіргі жаһандану таңындағы ең үлкен қауіп – ұлт ретінде жоғалып кету. Себебі заман ағымы

барлық шекараларды, яғни тіл, діл, дәстүрді жойып, барлығымызды бір тобырға айналдырып бара жатқанын көрмеу мүмкін емес. Бұл ағым легінде жойылмай, ұлт ретінде қалуымыз үшін ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық ерекшеліктерімізді, құндылықтарымызды сақтауымыз тиіс. Ол үшін, әрине, әр қазақ өзімізден бастауымыз керек, отбасында салт-дәстүрлерімізді жандандырып, кәдесыйымызды беріп, туыстығымызды нығайтып, ұрпағымызға үлгі болуымыз шарт. Бұл жұмысымызда туған-туысқанның арасын жақындатып, сыйластығын арттырған, ел мен елді бітімге келтірген кәдесый алмасу дәстүрінің қазіргі таңдағы маңызына тоқталдық, зерттеу барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік:

1. Сыйлық, кәдесый беру тек жай материалдық зат берумен ғана шектелмей, көңілдерді жарастырып, қазіргі кезде әлеуметтік желі дамығалы азайып, алыстап кеткен қарым-қатынастарды түзетуші, адамдардың арасындағы сүйіспеншілікті арттырушы, байланыстарды нығайтушы функциясын атқаратынын;

2. Кәдесый берудің түрлерін анықтай отырып, соңғы жүзжылдықта оның функциясы мен мән-мәнісі мақсатты түрде өзгертіліп, жойылу және бұрмалану процесі жүргізілгенін;

3. Кәдесый беру формалары ауысса да, қазақ қоғамында әлі де функциясы жойылмай, сыйлық түрлері өзгерсе де, мақсаты ауыспағанын байқауға болады.

4. Сый-сияпат беру – кез келген қоғамның мүшелерін бір-біріне жақындататын, сүйіспеншілік пен мейірімін арттыратын, эмоционалды-материалды күш-қуат беретін маңызды элемент.

Әдебиеттер

- Аймұхамбет Ж.Ә. Бөрте ханым. – Егемен Қазақстан, 02 наурыз 2021. [Электрондық көр]: URL:egemen.kz/article/267309-borte-khanym
- Әбдіқалық Р. Сүйінші, шашу, көрімдік, ағайынға мұрындық. – 2019. [Электрондық көр]: URL:oldkaz.kyzylorda-news.kz/news/lifnews/24203-synsh-shashu-krmdk-aaуyndуa-mryndу.html, қаралған уақыты: 07.08.2023
- Әлімбаев Н. және т.б «Қазақстан Этнографиялық Категориялар Ұғымы мен Атауларының Дәстүрлі жүйесі» 1 том. – Алматы: Alem Damu Integratsiya, 2017. – 729 б.
- Әлімбаев Н. және т.б «Қазақстан Этнографиялық Категориялар Ұғымы мен Атауларының Дәстүрлі жүйесі» 5 том. – Алматы: Alem Damu Integratsiya, 2017. – 543-544 б.
- Ғабитов Т.Х. Қазақтың этикасы мен эстетикасы. – Астана, 2007. – 57-67 б.
- Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди», аударған Жеменей И. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. – 40-41 б.
- Егеубай А. Әдеби жәдігерлер 2 том Махмуд Қашғари «Түрік сөздігі». – Алматы:Таймас, 2007. – 143 б.
- Ersan M. Türkiye Selcuklarında hediye ve hediyeleşme. – Dergipark №15, 2000 – p. 95-104
- Kanbir F. Hediye üzerine sosyolojik bir değerlendirme. – Antropoloji №43, 2022. – p.64
- Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер Т.17. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2013.– 139 б.
- Koksalan N. Hediye verme davranışında duygusal tatmini etkileyen faktörlerin belirlenmesine yönelik nitel bir araştırma – Sakarya Üniversitesi doktora tezi, 2019. – p.2

- Kurtaran U., Zeynep Karaca. XVIII. Yüzyıl Osmanlı-Avusturya İlişkilerinde Diplomatik Temasın Görünen Yüzü: Hediyeleşme – Dergipark, 2020. [Electronic resource]: URL: dergipark.org.tr/tr/download/article-file/1378022
- Қасымбек А. Қазақтың шешендік өнерін психологиялық кеңес беруде қолдану ерекшеліктері. – Қазақ өркениеті №3, 2016. – 76-77 б.
- Маусс М. Очерк о даре. Форма и основание обмена в архаических обществах – Лондон, 1966. – с.9
- Нысанбаев Ә. Қазақ энциклопедиясы, 4 том. – Алматы, 2002. – 448 б.
- Schwartz B. The Social Psychology of the Gift – The American Journal of Sociology №1, 1967. – p.8
- <https://islam.kz/kk/articles/atamura/qazaq-qai-kezde-suiinshi-qai-uaqytta-baigazy-suragan-2315/#gsc.tab=0> қаралған уақыты: 12.09.2023
- <https://stan.kz/suyinshi-sozinin-shigu-tegi-kanday-348621/> қаралған уақыты: 22.08.2023

References

- Aimukhambet J.A. Borte hanym//Egemen Kazakhstan, 02.03.2021. [Aimukhambet J.A. Borte queen//Egemen Kazakhstan, 02.03.2021.] (In Kazakh. [Electronic resource]:URL:egemen.kz/article/267309-borte-khanym
- Abdikhalykh R. Suinshi, shashu, korimdik, agaiyngа muryndyk. – 2019. [Electronic resource]: <https://oldkaz.kyzylorda-news.kz/news/lifnews/24203-synsh-shashu-krmdk-aayyndya-mryndy.html>, qaralğan uaqyty: 07.08.2023
- Alimbay N jane t.b. Kazakhstan Etnografyalyk Kategoriyalar Ugymy men Ataularynyn Dasturli Juyesi.1 tom. – Almaty: Alem Damu Integratsiya, 2017. – 729 s. [Alimbay N and others. Traditional System of Concepts and Names of Ethnographic Categories of Kazakhstan. Vol.1 – Almaty: Alem Damu Integratsiya, 2017. – 729 s.] (In Kazakh).
- Alimbay N jane t.b. Kazakhstan Etnografyalyk Kategoriyalar Ugymy men Ataularynyn Dasturli Juyesi. 5 tom. – Almaty: Alem Damu Integratsiya, 2017. – 543-544 s. [Alimbay N and others. Traditional System of Concepts and Names of Ethnographic Categories of Kazakhstan. Vol.5 – Almaty: Alem Damu Integratsiya, 2017. – 543-544 s.] (In Kazakh).
- Gabitov T.X Қазақтың этикасы мен эстетикасы – Астана, 2007. – 57-67 s. [Gabitov T.X Kazakh ethics and aesthetics – Astana, 2007. –57-67 s.] (In Kazakh).
- Dulati M.X. Tarih-i Rashidi, audargan Jemenei I. – Almaty: KAZAqparat, 2015. – p.40-41. [Dulati M.X. Tarih-i Rashidi, translated by Jemenei I. – Almaty: KAZAqparat, 2015. – p.40-41] (In Kazakh).
- Egeubay A. Adebі jadigerler 2 tom Mahmud Kashgari «Turik sozdigi» –Almaty: Taimas, 2007. – p.143. [Egeubay A. Literary relics Vol.2. Mahmud Kashgari «Turkic dictionary» –Almaty: Taimas, 2007. – p.143.] (In Kazakh).
- Ersan M. Türkiye Selcuklarında hediye ve hediyeleşme. – Dergipark №15, 2000 – p.95-104. [Ersan M. Gift and gift-giving in Turkish Selcuks. – Dergipark №15, 2000 – p.95-104.] (In Turkish).
- Kanbir F. Hediye üzerine sosyolojik bir değerlendirme– Antropoloji №43, 2022. – p.64 [Kanbir F. A sociological evaluation on gifts – Antropoloji №43, 2022. – p.64] (In Turkish).
- Klassikalyq zertteuler: Kone turki adebiyeti turaly zertteuler.17 tom.– Almaty: Adebiet alemi, 2013. – p.139 [Classical studies: Studies on ancient Turkic literature. Vol.17.– Almaty: Adebiet alemi, 2013. – p.139] (In Kazakh).
- Koksalan N. Hediye verme davranışında duygusal tatmini etkileyen faktörlerin belirlenmesine yönelik nitel bir araştırma. – Sakarya Üniversitesi doktora tezi, 2019. – p.2. [Koksalan N. Qualitative research to determine factors affecting emotional satisfaction in gift-giving behavior.– Sakarya Üniversitesi doktora tezi, 2019. – p.2.] (In Turkish).
- Kurtatan U., Zeynep Karaca. VIII. Yüzyıl Osmanlı-Avusturya İlişkilerinde Diplomatik Temasın Görünen Yüzü: Hediyeleşme. – Dergipark, 2020. [Kurtatan U., Zeynep Karaca. The Visible Face of The Diplomatic Communication in the Ottoman-Austria Relations of the XVIIIth Century: Gifting.–Dergipark, 2020.][Electronic resource]: URL:dergipark.org.tr/tr/download/article-file/1378022
- Kasymbek A. Kazakhtyn sheshendik onerin psikhologyalyk kenес berude koldanu erekshelikteri. – Kazakh orkeniyeti №3, 2016. – 76-77 s. [Kasymbek A. Peculiarities of using Kazakh rhetoric in psychological counseling. – Kazakh orkeniyeti №3, 2016. – 76-77 s.] (In Kazakh).
- Marcel M. The Gift. Forms and Functions of Exchange in Archaic Societies. – London, 1966. – 9 p. (In Russian).
- Nysanbayev A. Kazakh ensyklopyasi 4 tom – Almaty, 2002. – 448 s. [Nysanbayev A. Kazakh encyclopedia. Vol.4 – Almaty, 2002. – 448 s.] (In Kazakh).
- Schwartz B. The Social Psychology of the Gift – The American Journal of Sociology №1, 1967. – p.8 (In English)
- <https://islam.kz/kk/articles/atamura/qazaq-qai-kezde-suiinshi-qai-uaqytta-baigazy-suragan-2315/#gsc.tab=0> karalğan uaqyty: 12.09.2023. [viewed time: 12.09.2023]
- <https://stan.kz/suyinshi-sozinin-shigu-tegi-kanday-348621/> karalğan uaqyty: 22.08.2023. [viewed time: 22.08.2023]